

"Новый орта мектеп- лицей" КММ

«Қамқоршылық» кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 1

Мерзімі: 06.09.2021 жыл.

Қатысқаны: «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, ұстаздар, ата аналар.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. *«Мектептің оқу жылына дайындығы. Материалдық-техникалық базаны күшейту.*  
Мектеп-лицей директоры А. Кисикова
2. *Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы.*  
Кітапханашы Досмағамбетова М.К.
3. *Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, қолдау жұмыстары.*  
Әлеуметтік педгог Аманжолова Г.
4. *Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар.*  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Конисаева

**Тыңдалды:**

*Новый орта мектеп- лицей директоры А. Кисикова* мектептің жаңа оқу жылына дайындығы туралы хабарлама жасады. Жалпы білім беретін Үздік білім ұйымы грантын жеңіп алғандары туралы айтты. Мектеп түлектерінің де орналасулары жйлып түсіндірді. «Новый орта мектеп -лицейі» КММ-сі 3 қабаттан тұратын ғимаратта орналасқан. Ғимарат ауқымы 8989,5 м., қабырғалары силикатты кірпіш пен іргетасы ленточный салынған. Жылжымайтын мүлік жөніндегі техникалық төлқұжат 13.11.2015 жылы берілген. Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін АКТ №0239001 берілген. Меншік иесі құқық иесі туралы жер учаскесінің кадастрлық № 02-036-209-1656. Мекен-жайы Ақтөбе қаласы, Жаңақоныс тұрғындар алабы, «Жастар» мөлтек ауданы 13, жер телімі 3А. Мектепте жалпы 34 оқу кабинеті бар. Жабдықталған арнайы оқу кабинеттері: 1 физика кабинеті, 1 химия кабинеті, 1 биология, 1 география кабинеті, 2 информатика кабинеті, 1 мультимедия кабинеті, 1 ағылшын тілі кабинеті, 1 ІТ кабинеті, 1 ағаш өңдеу кабинеті, 1 металл өңдеу кабинеті, 1 технология қыз балалар үшін кабинет бар. Сонымен қатар мектепте 1 спорт залы, 1 мәжіліс залы, 1 кітапхана бар. Алғашқы әскери дайындық пәніне арналған 1 оқу кабинеті бар. Мектеп асханасы 200 орындық. Мәжіліс залы – 300 орындық. Мектептегі сынып бөлмелері, оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған. Мектеп ғимаратында су құбырлары жүйесі орталықтандырылған, жағдайы қанағаттанарлық. Мектеп жылы дәретханалармен жабдықталған. Ер балаларға арналған-12 дана, қыз балаларға-12 дана дәретхана бар. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 28 бейне бақылау бар. Оның 23 бейнекамерасы ішкі және 5 бейне бақылау сыртқы мектеп ауласын бақылап тұрады. Қауіпсіздік шаралары аясында мектепте 3 күзетші қызмет атқарады. Мектептің материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, зертханалар, компьютер сыныбы, т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған. Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу зертханалық жабдықтармен жарақталғн. Жыл соңына дейін жаңа физика кабинетін аламыз деп грант қаражтын жоспарға салып жатырмыз.

**Кітапхана меңгерушісі Досмағанбетова М :** -Новый орта мектеп-лицей кітапханасында 30385 кітап қоры бар, оның 27857 оқулықтар, 2528 негізгі қор. 2021 -2022 оқу жылына 2-9 қазақ, орыс кластарына маусым айында, 1,10 класс оқушыларына тамыз айында оқулықтар таратылып берілді. 1-11 кластар жаңартылған мазмұндағы оқулықтармен, 10а, 11а кластар қоғамдық гуманитарлық бағыты, 10ә,б, 11ә кластары жаратылыстану - математикалық бағытымен оқып жатыр.

Қалалық білім бөлімінен бөлінген 1 қазақ, орыс кластарына жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша жаңадан басылып шыққан оқулықтар, қайта басылып шыққан 3 қазақ, орыс кластарына Цифрлық сауаттылық, 7,8 қазақ, орыс кластарына Информатика оқулығы таратылды. Сұраныс бойынша жетіспейтін оқулықтар алынып 1-11 класс оқушылары түгелдей оқулық пен қамтамасыз етілді. Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 10.08.2021 жылғы №02-03/2351 негізінде 2021-2022 оқу жылының оқулықтарымен қамтамасыз ету үшін «Ақбөбек», «Құлан» жеке мектептеріне және «Білім» жеке мектеп-гимназиясына кеткен оқушыларға ата-ана қолымен жазылған қолхатын ала отырып, мектебіміздің оқулығын оқу жылының аяғына дейін қолдануға берілді. Бүгінгі таңда мектеп оқушылары түгелдей оқулықпен қамтылды, пән мұғалімдері оқу-әдістемелік әдебиеттерін өздерінің қаражатына сатып алып отыр. Кітапханаға мектептегі жетіспейтін оқулықтар туралы қалалық білім бөлімінің басқармасына уақытында сұраныс беріліп отырады.

**Әлеуметтік- педагог Г. Аманжолова:** - ҚР Білім және ғылым министрінің бастамасымен "Ақтөбе қаласы білім бөлімі" ММ-нің 2021 жылғы 4 тамыздағы хатын басшылыққа ала отырып, мектеп директорының бұйрығына сәйкес 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін "Мектепке жол" жалпы Республикалық қайырымдылық акциясы жұмыстары жүргізіледі. Акция мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және де басқа да көмек көрсету.

Мектебімізде осы ауқымды іс-шараға байланысты арнайы кеңес өткізіліп, іс -шаралар жоспары белгіленді. Мектеп әкімшілігінен акцияны ұйымдастырып өткізу үшін арнайы комиссия құрылды. Комиссия мүшелері және барлық класс жетекшілер аз қамтылған отбасы балаларының мектепке дайындығын анықтады.

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар арасынан 10 отбасының баласы демеуші тарапынан оқу құралымен, сөмкемен қамтылды. Ата-ана атынан 5 оқушыға күздік куртка берілді. Класс жетекшілер өз тараптарынан аз қамтылған оқушыларға оқу құралын табыстады.

Новый орта мектеп-лицейі ұстаздары тарапынан бірлесіп, 154 000 теңге қаражат жиналып, оқушыларға аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушыларға сұралған сөмкелерді ұсынып, оқу -құралдарын, сөмке, аяқ киім табыс етті.

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Конисбаева:** - Құқықтық тәрбиенің басты мақсаты- жеке адамның да,жалпы алғанда қоғамның да құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қыркүйек айында 2020-2021 оқу жылына арналған мектепшілік жылдық жоспары құрылып бекітілді. Сонымен қатар, Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының №1 ҚПБ ЖПҚ бірлескен жұмыс жоспары құрылып ,бекітілді. Осы жоспарға сәйкес Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының №1 ҚПБ ЖПҚ полиция аға лейтенанты Д.Е.Ермекбаев

мектептегі тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында аптасына 3 рет мектепке келіп, бақылау және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. 2020 жылдың 7-8 қазан күндері мектеп психологы М.Е.Мулдагазина мен мектеп инспекторы Д.Е.Ермекбаев 8-11 кластар аралығында «Жасөспірімдер арасындағы интернет -тәуелділік» тақырыбында онлайн түсіндірме жұмыстын өткізді. Аталған жұмыста ғаламтор арқылы келетін қауіптен оқушыларды сақтау, зорлық-зомбылық пен құқықбұзушылықтың алдын алу болып табылады. Аталған тақырыпта барлық кластарда ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, мектебімізде оқу жылының басында «Тәртіп сақшылары» отряды құрылып, жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сол жоспарға сәйкес «Тәртіп сақшылар» отрядының мүшелері Ш.Ж.Аймағамбетова, Б.А.Әбдікалыкова және М.Е.Мулдагазина түнгі рейд жүргізіп, елдімекенде орналасқан дүңгіршек, көп қабатты үйлер мен мейрамхана, дүкендерді аралады. Рейд мақсаты кешкі уақытта мектеп жасындағы оқушылардың қозғалысын шектеу, сол арқылы тәртіпсіздік пен құқықбұзушылықтың алдын алу болып табылады. Жалпы құқық бұзушылық профилактикасы - құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу, жою арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және күшейтуге бағытталған шаралар кешені. Аталған мақсатқа бағытталған іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп отыр. Мектеп-лицейімізде 2020-2021 оқу жылы бойынша мектепшілік есепте тұрған тәртібі қиын оқушылар және сәтсіз отбасылар жоқ. 2020 жылдың 13 қараша күні оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру негізінде Новый орта мектеп – лицейінің 8 класс оқушыларымен «Өз құқығыңды біл!» тақырыбында Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының №1 ҚПБ ЖПҚ КІТЖ УПИ полиция аға лейтенанты Д.Ермекбаевпен онлайн кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылар сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Сонымен қатар, оқушыларға мектеп ережесі, міндеттері, оқушылығының құқығы мен міндеті туралы нақты ақпараттар берілді.

Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу, бопсалауды болдырмау мақсатында мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Конисбаева мен мектеп инспекторы Д.Ермекбаев 9,11 класс оқушыларына түнгі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға кешкі уақытта ата-аналарынсыз 21:00 ден кейін жүргуе болмайтындығы, карантин кезінде топтасып жүрмеу керектігі, және т.б туралы мағұлматтар беріліп, жұмыстар жүргізілді.

Мектеп-лицейімізде құқықтық тәрбие берумен қылмыстың алдын алуға байланысты жұмыстар жоспарға сай үздіксіз жүргізіліп отырады. Желтоқсан айының 7-сі және 12-сі күндері «Тәртіп сақшылары» отрядының мүшелері кезекті рейдке шықты. Елдімекенде орналасқан көп қабатты үйлер мен көшелерді аралап, тәртіпсіздіктің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізді. 2020-2021 оқу жылы бойынша құқықбұзушылық фактілері бойынша есепте тұрған оқушылар жоқ және қыркүйек, қазан айларында ешқандай тәртіпсіздік орын алмады. Класс сағаттары уақытылы жүргізіледі. «Тәуекел тобына» мектебіміз бойынша дінге бейім 10 оқушы жатады. Олармен үздіксіз жұмыс жүргізіліп отырады. Әр оқушының жеке папкасы бар және класс жетекшілері бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізіп отырады. Атап айтар болсақ, 2020 жылдың 12 қараша күні мектеп психологтары оқушылардан «Діни ағымдарға көзқарасыңыз» атты сауалнама алды. Сауалнаманың мақсаты: оқушылардың діни сауаттылығын, діни ағымдарға деген көзқарастарын анықтау және жасөспірімдердің діни сауаттылығын бағалау болып табылады. Сонымен қатар, мектеп-лицейіміздің дінтану және тарих пәндерінің мұғалімі Ж.Б.Алиев «Қазіргі замандағы дін мен қоғамның ықпалдастығы» тақырыбында мектеп оқушыларымен ақпараттық түсіндіру жұмысын өткізді. Мақсаты: жастарды діни ағымдардың жетегінде кетуден сақтау болып табылады. Кездесу барысында оқушылардың ғаламтор ресурстарын тиімді пайдалану барысында «Діни мазмұндағы теріс» контенттерден қалай сақтануға болатындығы туралы түсінік берілді. Отбасы, қоғам, мемлекет үштігі туралы жан-жақты ақпарат қамтылды.

Жалпы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілуге тиісті жұмыстар жоспарға сай жүйелі жүргізілді. 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша Новый орта мектеп-лицейінде мектепшілік және Зауыттық ПБ есепте тұрған оқушылар жоқ. 2020-2021 оқу жылы бойынша ешбір құқықбұзушылық тіркелмеді.

**Сөйлеушілер:** «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері Е. Аймагамбетов, Г. Үмбетва, мектеп-лицей директоры А. Кисикова, педагог-психолог М. Мулдагазина.

**Шешім:**

1. «Мектептің оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп табылсын;
2. Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы қанағаттанарлық деп табылсын;
3. Материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау, қолдау жұмыстары үнемі назарда болсын;
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар әлі де жандандырылсын.

«Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы:  Т. Табылғанов

Хатшы:  Ә.Әбілдаева